



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№134
(20608)



5 қыркүйек, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi_kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ҚҰМАР ОЙЫНҒА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУ КҮШЕЙТІЛУІ ТИІС

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері қарастырылды.

– Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барды. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды, – деді Президент.

Президент осы жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

– Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуі тиіс, – деді Президент. Осыған байланысты Мемлекет басшысы салалық министрліктерге нақты міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелді азаматтардың қатысы бар қылмыстар көбейгеніне күш қорғау органдарының назарын аударып, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Президент елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ойын бизнесі саласындағы қаржылық және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жандандыру қажет екеніне назар аударды.

– Барлық қаржы қозғалысын қадағалап, заңға қайшы әрекет анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау маңызды, – деді Президент.

Жиын барысында Үкімет мүшелері мен бірқатар мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады.

Кеңес отырысының қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев халық арасындағы құмар ойынға тәуелділікпен күресу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шаралар кешенін қабылдауды тапсырды.

САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевті қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сыртқы серіктестерімен арадағы тауар айналымын арттыру және экономикалық сын-қатерлерге орай шұғыл әрекет ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Президент қазақстандық экспорт үшін жаңа өткізу нарықтарын қарастыру барысында министрлік белсенді жұмыс істеуі қажет екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы халықаралық нарықтарда ұлттық экономикалық мүддені қорғау, импортпен орнықты бәсекелестікті қамтамасыз ету және отандық тауар өндірушілерді қолдау қажеттігін айтты.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚОСЫМША ҒИМАРАТ ҚАЙ ЖАҒЫНАН ДА ТИІМДІ

Кеше Қызылорда қаласындағы С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейдің және Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің жанынан салынған қосымша ғимараттар пайдалануға берілді. Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жиналған жұртшылықты құттықтады.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты дәстүрлі Жолдауында адал азамат және тұрғын тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасатынын айтты. Ол үшін жас ұрпақтың қауіпсіз өмірі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек. Балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру – ортақ міндет, маңызды бағыттарымыздың бірі.

Кейінгі жылдары оқушы санының артуына байланысты бірнеше білім ошағы қосымша құрылысы қажет етті. Өздеріңіз білетіндей, орталықта жаңа мектеп салуға ыңғайлы жер жоқ. Жаңадан ашылған жерге салынған мектепке қатынасу қиын. Әсіресе қыстың қысқа күндері ата-аналар балаларына алаңдайды. Тағы бір айтарлығы, қосымша ғимарат бюджетке аса ауыр салмақ салмайды, жаңа мектепке қарағанда арзан. Ең маңыздысы – балаларымыздың қауіпсіздігі, олар үйіне жақын, үйренген мектебінде оқиды. Үш ауысымдық мектептер ауласына қосымша ғимарат салу барлық жағынан да тиімді болғандықтан, осы шешімге тоқталдық, – деді аймақ басшысы.

С. Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейінің ауласындағы 375 орындық

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Күз келді дегенше ел алдағы қысын ойлайтыны белгілі. Еліміздің басым бөлігі газдандырылмағанын ескерсек, көмір әлі де әлеуметтік маңызынан айырылған жоқ. Тауада Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкілдері биыл көмір бағасы қымбаттауы мүмкін екенін жасырмады. Осыған орай қара отын бағасы қалай құбыларын болжап көрдік.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

КӨМІР ҚЫМБАТТАМАҚ: ҚҰН НЕГЕ ҚҰБЫЛДЫ?



Ашық депрессиядан алындай

ДЕЛДАЛЫ КӨП ДҮНИЕ

Сонымен, Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары Тұрар Жолмағамбетов көмір бағасы былтырғымен салыстырғанда орта есеппен 15 пайызға, ал кейбір аймақтарда 7-10 пайызға өсетінін мәлімдеді. Комитет төрағасының мәліметінше, бағаның өсуіне инфрақұрылым процесстер, оның ішінде көмір өндірушілер де әсер етеді.

– Қазақстандағы әлеуметтік көмірдің құны ең төмен бағалардың бірі болып саналады. Егер бөліністе ол 7-ден 9 мың теңгеге дейін тұрса, онда пункттердің қашықтығына байланысты баға 25 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін, – деді Т.Жолмағамбетов.

Сонымен, биыл көмір бағасы көңілге медет болмайтын сынайы. Нарықтық экономикаға көштік дегелі сауда қатынасында тауарларды биржада саудалау белең алды. Еліміздегі көмір бағасының мезгіл сайын қымбаттауына осы делдалдық механизмдер әсер етіп отыр. Мұнда орасан үлкен көлемде

сауда-саттық жүретіндіктен, оның баға түзу процесінде әсері зор. Бұл жерде әңгіме коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы көмір туралы болып тұр. Өйткені энергия өндіретін немесе өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған энергетикалық көмір өндіруден тікелей жеткізіледі. Мысалы, жыл сайын жыр болатын «Шұбаркөл көмір» АҚ-н алатын болсақ, еліміздің коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға арналған көмірді өткізу нарығының 35 пайызына ие алпауыт компания биыл сауда-саттыққа Modern Trading Solutions тауар биржасы арқылы шығуға шешім қабылдапты. Ал бұл биржаға біржолғы кіру жарнасы оның жарғылық капиталының 4 пайызына тең. Кейін қайтарылмайтын, біржолғы төленетін бұл төлем бүгінгі есеппен шамамен 95 млн теңгені құрайды. Ендеше, бұл сома түптеп келгенде соңғы тұтынушының, сіз бен біз секілді қарапайым азаматтар мен мектеп, аурухана сияқты мемлекеттік ұйымдардың немесе кәсіпкерлердің қалтасына салмақ болып түседі.

3-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ӘУЕЖАЙ мен «АНАҒА ТАҒЗЫМ» АРАСЫ

Жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралап, құрылыс алаңдарына барды. Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылыс барысымен танысты.



Жерлесіміз, меценат «Болат Өтеұратов қоры» өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуда. Қазіргі әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 25 миллион долларды, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын терминалда телескопиялық трап екі қабатты бо-

лады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтітер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзін-өзі тіркеу бағандары, жүктерді беру және өңдеу автоматтандырылды. Терминал құрылысы 2024 жылы аяқталмақ. Ал әкімдік 5 млрд теңгеге нысанның ауымын абаптандырып, қажетті инфрақұрылымды, атап айтқанда, су, жылу, көріз, жарық, байланыс желілерін тартуда.

2-бет



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенбі күні ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларды іске асыру жайы талқыланды.

Үкімет отырысынан кейін Жолдауда көрсетілген міндеттерді орындау бойынша арнайы мәжіліс өтті.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды. Өнеркәсіп

негізін қалыптастыру және экономикамызды өзімізді толық қамтамасыз ете алатындай жағдайға жеткізу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, еліміздің туристік әлеуетін пайдалану, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуы тиіс екені атап өтілді. Ішкі нарықты қорғау үшін мемлекеттік сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесін кемінде 60 пайызға жеткізу міндеті қойылды.

Жолдау аясында орындалуы тиіс жұмыстар жан-жақты сарапталып, кеңейтілген мәжілісте талқыланады.

ӘУЕЖАЙ мен
«АНАҒА ТАҒЫМ» АРАСЫ

Облыс әкімі өңірдің негізгі әуе қақпасының заманауи сипатқа ие болуы қажеттігін айтты. Бұл ретте әуежай басына қор өкілдерімен бірлесіп, терминал құрылысына қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Әрі қарай аймақ басшысы «Қызылорда су торабындағы» жөндеу жұмыстарымен танысты. Апатты жағдайдағы су торабына 2020 жылдан бері жөндеу жұмыстары жасалуда. Мердігер «Caspian Contractors Trust» ЖШС жұмысты алдағы желтоқсан айында аяқтау қажет. Бөгетте 16 метрлік бес аралық бар, олар қақпалармен және апаттық-жөндеу шандорларымен жабылған.

Облыс әкімі Бейбарыс сұлтан көшесінің абаттандыру жұмыстарын тамашалады. Қазір көше алты жолақты. Айналасы тұрғындар үшін жайлы демалыс орнына, серуен жолына айналып абаттандырылды. Субурқақтар орнатылып, орындықтар, автотұрақтар, жарық шамдары қойылды.

Мұнан әрі Нұрлыбек Машбұқлы Бейбарыс сұлтан көшесіндегі «Неке сарайының» құрылысымен танысты. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрден астам зәулім

ғимараттың құрылысы бытыр қыркүйекте басталған. Өткен жылдың тамыз айында іргетасы қаланған «Неке сарайының» құрылысы бітуге жақын. Негізгі қызметі жас жұбайлардың некесін салтанатты түрде қиюға, отбасы институтын қалыптастыруға, ұлттық тарбиені дәріптеуге және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталмақ. Алда пайдалануға берілетін жоба құны 1 млрд 600 млн теңгені құрайды.

Аймақ басшысы «Анаға тағым» орталығының құрылысымен танысты. Нысан жұмыс арада халық игілігіне табысталамақ. Құны 1,5 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі орталықта жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндік берілімек. Жаңа нысанда қыз-келіншектерге арналған арнайы бөлмелер, тұрмысқа және қонақ күтуге баулу, араларға жан-жақты психологиялық көмек беру кабинеттері жабдықталады. Мұнан бөлек, шығармашылық жандарға бағытталған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері болады.

БРИФИНГ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК
НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жаңа оқу жылында 10 мыңнан астам студент білім алады. Биыл университетте бакалавриат бойынша мемлекеттік білім беру грантын иеленгендер саны өскен. Білім алушылар контингенті 13, ал грант саны 25 пайызға артқан.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры Бейбіткүл Кәрімова айтты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

– Қазіргі уақытта білім ордасында студенттерге 500-ден астам профессор-оқытушы дәріс береді. Оның ішінде 22 ғылым докторы мен профессор, 38 PhD докторы, доцент, 174 ғылым кандидаты, 220-дан астам магистр қызмет атқарады. Кадрларды даярлау 5 институт пен 25 кафедра базасында 118 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» деген болатын.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде халықаралық әріптестік нығайтып келеді. Атап айтар болсақ,

өңірімізде Оңтүстік Корея Республикасы Үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) ынтымақтастық аясында Жасанды интеллект және бизнес-инкубация жоғары мектебі ашылмақ. Мұнда жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика саласындағы үздік кадрлар дайындалатын болады. Алдағы уақытта британдық серіктестермен бірге (University of Suffolk and Change School) біздің университет Қызылорда және Шымкент қалаларындағы кәсіпкерлік білім беру нарығын зерттейді. Зерттеу нәтижелері бойынша университет базасында Британдық Жоғары бизнес мектебін ашу жоспарлануда.

Тағы бір атап өтерлігі, білім алушылардың жатақханамен толық қамтылуы басты назарда. Университет жатақханаларындағы орын саны – 1250. Қазіргі уақытта Студенттер үйіне 1097 білім алушы жолдама алды. Жатақханаға орналасу бойынша арнайы Call-center жұмыс жасайды, – деді Бейбіткүл Сәрсемжанқызы.

ЖОЛДАУ: ПІКІР-ПАЙЫМ

ЕЛДІК МҮДДЕНІҢ
ЕРЕКШЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Қазір әлем елдерінің геосаясаты мың құбылып, экономикада тұрақсыздық белең алды. Бұл ретте Президенттің «суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек» дегені құптарлық іс.

Ал Мемлекет басшысының кәсіпкерлік саласын қарқынды дамытуға нақты бағдар қойғаны алда тұрған мәселелерді орыңқты түрде шешуге мүмкіндік бермек. Көлік министрлігін қайта құру, үш жыл ішінде ішкі жалпы өнімдегі үлес көлемін кемінде 9 пайызға жеткізу міндеті де нақты істің басталғанын білдіреді.

Президент өткен Жолдауында елде шикізаттық синдром бар екенін ашық айтқан еді. Сол синдромды жеңу – өндірісті күшейту деген сөз. Қ.Тоқаев 2027 жылға дейін еуропалық стандартқа сәйкес 4 мың шақырым жол салу туралы орынды пікір айтты. Сапалы жол – байланысты күшейтеді, сауда-саттық саясатын, тауар айналымын, жол қауіпсіздігін сақтауға жол ашады. Айналып келгенде мұның бәрі экономикадағы табыс көзін еселеудің жолымен сабақтасады.

Тағы бір көкейге қонғаны – аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беру бастамасы. Бұл ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет екенін айтты. Расында, аудан әкімі, ауыл әкімі ең өзекті мәселелерді қалай шешуге болатынын саралай біледі. Сондықтан бюджетті бағыттауда да әділетті қадам болады.

Алдыңғы сессияда «Қызылорда-Ақтөбе» бағытындағы автожол

маңызы мен аудан әкімдерінің маңызды өкілеттіктерін сақтау бойынша нақты іс-шараларды қабылдау қажеттігі туралы депутаттық сауалдар жолдаған болатынмын. Аймақ тұрғындарының сұраныстары бүгінгі Жолдауда көрініс тауып жатыр. Бұл Жолдау өңірлерде сайлаушылар тарапынан қозғалған проблемалармен үндесіп жатыр. Бұл бағытта аманатқа адалдық танытып, депутаттық дәнекер болуға мүдделіміз.

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне де ерекше екіпін беру керектігін назарға салды. Оның ішінде орта кәсіпкерлік саласының даму қарқыны баяу екенін жасырмады. Отандық тауар өндірушілерді қолдау саясатын орыңқты түрде жалғастыру тапсырмасы көп келеді мәселелердің алдын алуға жол ашады деп санаймын.

Бұл ретте Үкіметке шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізу керектігін тапсырды. Нарықта белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Сондықтан олар нақты қолдау көрсету керектігін айтты.

Президент Жолдауда мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті екенін жеткізді. Бұл – экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін біз әрқашан қорғауымыз керек. Отандық кәсіпкерлер де бұл іске ұйымдасып, ортақ мәселелерді шешуде табандылық танытады.

Расыммен, біз шетке жалтақтамай, елдің өнеркәсіптік

негізін қалыптастыруымыз керек. Жолдауда Мемлекет басшысы өндірістің барлық сатысын елде өндіріп, оны дамытуды және барлық тараптан қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл ретте де Сыр елінде серпінді қадамдар іске асатынына сенімдіміз.

Президент әрдайым ауыл өмірін жақсартуға ерекше ден қояды. Солардың бірі – машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы күрделі мәселеге айналғаны. Жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажеттігін жеткізіп, еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескеру қажеттігін айтты. Бұл көп шаруалардың көкейінде жүрген ой еді. Шағын шаруа қожалықтарының үлесін арттыру, суды аз қажет ететін дақылдарға мән беру, сол арқылы өнім көлемін ұлғайту сырт елдерге деген тәуелділікті біршама азайтады.

Жолдауда әлеуметтік салаға келгенде, Мемлекет басшысы балалар мен жастарға айрықша тоқталды. Бастапқы білім беру қалғанды мен жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыстың түбегейлі қаралуын міндеттеді. Бұл бала игілігіне барын беруге даяр ата-ана үшін де, білім саласының жанышындрлары үшін де ерекше жаңалық болды.

Түптеп келгенде, Әділетті Қазақстан құру «мәселені білік шешеді» деп қол қусырып отыру емес, әрбір азаматтың табанды еңбегі, жанышын қадамы мен адал әрекеті ғана байыпты істерге жетелейді.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

АЗАМАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ
ДАМУҒА ИДЕЯСЫ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің саяси-қоғамдық дискурсында маңызды орын алады. Әр Жолдаудың орын мен мағынасының негізгі аспектілері көптеген себептермен байланысты. Біріншіден, Жолдау жыл сайын қыркүйектің алғашқы күнінде жарияланады. Бұл елдегі саяси күнтізбенің басталуын білдіретін дәстүрге айналды. Екіншіден, Жолдауда алдағы жылға Үкіметтің бағыт-бағдары мен ресурстарды бөлу белгіленеді. Үкімет жүзеге асыруы тиіс негізгі бағыттар мен бастамалар айқындалады. Үшіншіден, Жолдауда ұлттық бірлік, ынтымақтастық пен қоғамдық келісімнің маңыздылығы туралы айтылады. Бұл көпмәдениеттілік, төзімділік және Қазақстандағы түрлі қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастық қажеттілігіне қатысты мәселелерді шеше алады.

Төртіншіден, Президент Жолдауда Қазақстанның сыртқы саясатының мақсаттары және оның халықаралық істердегі рөлін белгілейді. Бұл екіжақты қатынастар, аймақтық ынтымақтастық және алаңдаушылық тудыратын жаһандық мәселелерді талқылауды қамтиды. Бесіншіден, экономикалық басымдықтар, әлеуметтік қамсыздандыру және даму бағдарламалары Жолдаудың ортақ тақырыптары болып табылады. Мемлекет басшысы экономикалық өсімді ынталандыру, жұмыс орындарын құру және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту шараларын талқылайды. Алтыншыдан, Жолдауда еліміздің болашағына және оның азаматтарының ұлттық мақсаттарға қол жеткізудегі рөлін көзқарасын айқындайтын, шабыттандыратын элементтер жиі қамтылады.

Осы уақытқа дейін елімізде әділетті Қазақстан құру жолында экономиканы дамыту мен өртарпақтыруға бағытталған көптеген жұмыстар жүзеге асырылды. Экономикалық саясат үнемі өзгеріп отыратындығын ескерсек, еліміздің жаңа экономикалық бағдары айқындалған жаңа Жолдаудың маңыздылығы жоғары. Жаңа Жолдаудағы бастамалар өзгермелі жаһандық экономикалық ахуалдар, ішкі басымдықтар және геосаяси оқиғаларға негізделгені көрініп тұр.

Мемлекет басшысының әділетті және гүлденген қоғам құруға тек саяси және экономикалық реформалар азық ететіндігі туралы айтылған идеясы мемлекеттік құрылыс пен дамуының негізгі тұжырымдамасы болып табылады. Қоғамдық сананы өзгерту және азаматтардың оң ұмтылыстарын қалыптастыру – тұрақты әлеуметтік прогресс пен дамуға қол жеткізудің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бағытта ескерілуі қажет бірнеше негізгі аспектілерді атауымызға болады. Әділетті қоғамды құру азаматтардың әлеуметтік бірігуі мен ортақ мақсат сезімін ілгерілетуді қамтиды. Бұл нәтижеге ортақ құндылықтар, ұлттық бірегейлік және ортақ мақсаттарға жетудегі бірліктің маңыздылығын атап көрсету арқылы қол жеткізуге болады. Қоғамдық сананы қалыптастыруда білім шешуші рөл атқарады. Білім сыни ойлау, төзімділік және демократиялық қағидаларды түсінуге ықпал ете алады. Білім беру бағдарламалары студенттерге демократиялық процестің белсенді және жауапкер қатысушылары болуға көмектеседі. Әділдік, шынайылық және өзгелерді құрметтейтін мәдени және этикалық құндылықтарды ілгерілету әділетті қоғам құруға көмектеседі. Қоғамдық және жеке өмірде этикалық мінез-құлықты ынталандыру маңызды. Қоғамдық сананы қалыптастыруда тәуелсіз және жауапты бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады. БАҚ нақты ақпарат бере алады, ашықтыққа ықпал етеді және мекемелердің есеп беруді қамтамасыз етеді. Азаматтық белсенділік пен қатысушы ын-

ландыру шешім қабылдау үдерістерінде өз ойын білдіруге мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндіктер қоғамдық кеңес, жергілікті және ұлттық басқаруға қатысу тетіктері арқылы жүзеге асады. Қоғамдық сана мен ұмтылысты өзгерту түрлі мүдделі тараптар, Үкімет, азаматтық қоғам, білім беру мекемелері және БАҚ-тың ынтымақтастығын таллап ететін күрделі процесс екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, этикалық басқару мен әлеуметтік әділеттілікті ұстанатын көшбасшылық қоғамдағы оң өзгерістерді жүргізуде шешуші рөл атқара алады.

Позитивті құндылықтар мен ізгі қасиеттермен ерекшеленетін ұлттық жаңа сапасын қалыптастыруға ұмтылу – барлық елдер үшін ізгі де ауқымды мақсат. Мемлекет басшысы белгілеп берген отанышылдық, білімпаздық, еңбеккорлық, тәртіпшілік, адалдық, әділдік, үнемшілдік және жанашырлық игілік пен қоғамның дамуына ықпал ететін азаматтық мәдениетті дамыту идеясымен үйлеседі. Отанышылдық өз еліне сүйіспеншілік, адалдыққа тәрбиелейді. Патриотизм азаматтарды өз елінің дамуы мен оның жетістіктерімен мақтанға шақырады. Прогресс үшін білімпаз халық қажет. Білімпаздық тек білім мен дағдыларды беріп қана қоймай, күрделі мәселелерді шешу үшін маңызды болып табылатын сыни ойлауға, шығармашылық пен жанашырлыққа шақырады. Еңбеккорлық пен жұмыс этикасын сақтау жеке табыс пен экономикалық өркендеуге ықпал етеді. Үлт еңбеккорлықты бағалайтын болса, ол өз азаматтарының ұжымдық күш-жігерін ортақ мақсаттарға жету үшін пайдалана алады. Бұл қағида жеке тұлғалар мен мекемелердің тиімді және жауапкершілікпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Адал азаматтық тұлға өз ісіне жауапкершілікпен қарауды және қоғамға оң үлес қосуды білдіреді. Адалдықты ұстанған азаматтар өз шешімдерін қоршаған ортаға, экономикаға және қоғамға тигізетін әсерін біледі. Әділдік пен әділеттілікке ұмтылу теңдік пен әлеуметтік бірлікке ықпал жасайды.

Әділдік қоғамның барлық мүшелерінің тең мүмкіндіктері мен ресурстарға қолжетімділігіне кепілдік береді. Үнемшілдік ресурстарды жауапкершілікпен пайдалануды және тұрақты дамуға ынталандырады. Ысырапшылықты болдырмауға және ұлттың ұзақ мерзімді әл-ауқатын қамтамасыз етуге көмектеседі. Өзгелердің қажеттіліктері мен әлеуметтік қиындықтарына жанашырлық тілектестік пен әлеуметтік ынтымақтастыққа ықпал етеді. Жанашырлық азаматтарды қоғамдық жұмыстарға және қайырымдылыққа белсенді қатысуға шақырады. Қоғамда осы қасиеттерді ілгерілету үшін білім беру бағдарламаларында, қоғамдық пікірталастарда және институтоналдық құрылымдарда біріктіру маңызды. Сонымен қатар, осы құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды саясат пен іс-әрекет арқылы ілгерілететін көшбасшылық жаңаша ұлттық мінездің қалыптасуына және «Адал азамат» мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Мемлекет басшысының осы жылғы Жолдауында көтерілген мәселелер Қазақстанның саяси ландшафтындағы маңызды және айқын оқиға екені анық. Ұсынылған бастамалар ұлттың күн тәртібін белгілеуді және Үкімет пен халық арасындағы диалогты жеңілдетудің құралы ретінде қызмет етеді.

КӘСІПКЕРЛІК –
ЭКОНОМИКАНЫҢ
ДРАЙВЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға арнаған кезекті дәстүрлі Жолдауын жолдады. Ол «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деген атаумен жарияланды. Бұл Жолдау айрықша мәнге ие деп айтар еді. Өйткені бытырғы тарихи құжат Әділетті Қазақстанның құруға бағытталса, биыл сол әділетті мемлекеттің экономикасын дамытуға, ілгерілетуге арналып отыр.

Мен экономист ретінде Жолдаудың осы салаға бағытталғанына қуандым. Өйткені экономика дамымай елде табыс та, түсім де молаймайды. Жалпы шағын және орта кәсіпкерлік экономиканың драйвері саналады.

Экономиканың осы саласын дамыту кезек-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта түрлі бағдарламалар қабылданды. Мәселен, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсетіп, 2025 жылға дейін ұзартады. Одан кейін 2019 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» деген бағдарлама қабылданып, оның аясында да шағын және орта бизнеске қолдау көрсетілді. Жолдауда екі мемлекеттік бағдарламаны біріктіріп, кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырды. Бұл – жағымды жаңалық. Себебі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, оны қолдау біздің елде бірнеше мәселені шешеді. Атап айтқанда, ол – жұмыссыздық мәселесі, ол – салық саясаты.

Президент оңдеу өнеркәсібінің дамуына тоқталды. Нақтырақ айтқанда, Мемлекет басшысы өнім өндіріп ғана қоймай, оны өңдеп, экспортқа шығару жағын дамытуды тапсырды. Осы орайда Президент: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономиканың өзіндік толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беріміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мән бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы өртарпақтыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда. Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, ұранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарды айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өндiрiлген өнім шығаратын кластер құру керек. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономиканы басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек», – деп нақты айтты.

Былғы Жолдау мемлекетіміздің жарқын болашағына, қуатты елге айналуда деген сенімді арттыра түскені анық.

Қамар БЕКЕТОВА,
экономика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры

5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Оған дау жоқ. Дегенмен көп тіл білгеннен ұтпасақ ұтылмаймыз. Хакім Абай жиырма бесінші қара сөзінде: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі – олар дүниенің тілін білді. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады. Өрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» дейді. Тіл адамзат баласына ана сүтпен дарып, қалыптасады. Оны көздің қарашығындай сақтай білу өмірлік қағидамыз болуы тиіс. Осы орайда белгілі қоғам қайраткері, тіл жанащыры Асылы Османмен хабарласып, ойын білген едік.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақты қазақ ететін – тілі

– Ұлтты ұлт етіп сақтауымыз – тілі. «Тіл жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы. Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адамды толық интеллигент деуге болмас. Сол себепті еліміз дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, әуелі қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек. Егер адам өзге тілді білетін болса, ол – рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді.

Қазақ моңғолға да ұқсайды, корейге де ұқсайды. Бірақ басқа ұлттан айырып тұратын – тілі. Сондықтан оны бірінші орынға қоюымыз керек. Өйткені қазақ тілі Қазақстаннан басқа жерде қолданылмайды, өзгеге керек те емес. Мысалы, қызметке аларда орыс тілі мен шет тілін сұраймыз. Бірақ қазақ тілін емес. Неге талап қоймаймыз? Қажеттілік, сұраныс, талап болды, тілді өмірдің барлық саласында қолдану керек.

Тіл десе күйініп кетемін. Қазақ тілі VII ғасырда алып арабқа да, XIII ғасырда тегеурінді моңғолға да, XIX–XX ғасырда ормандай орысқа да төтеп беріп, сақталған. Ол құрып кетеді деп қорқпаймын, соңғы қазақ өлгенше өмір сүреді. Бірақ өз топырағында, өз елінде мемлекеттік тіл болғаннан кейін, мемлекеттік дәрежеде өз тұғырында қонуы керек. Мен үнемі айтамын, тас мұқалып қой болды, темір тосала, адам өмірден озады, ұлттың бүтінін ертеніне сабақтастыратын көкейдегі сөз бенен тандайды тіл ғана. Қазіргі жастар баласының тілі шыққаннан басқа тілді үйретіп әлек болады. Содан кейін тілді біліп қана қою аздық етеді. Оны түсіну керек. Түсіну де аз, қабылдауымыз керек. Қабылдау да аз орындауымыз керек. Сол кезде ғана толық адам боламыз, – дейді ол.

Ана тілі – қасиетті ұғым

Тілді құрметтеудің әліппесі отбасынан бастау алуы қажет. Сонда өресі биік, өрісі кең болмақ. Жастардың тіл үйренуге талпынысы көңіл қуантады. Өзге тілде сөйлей білу тамыңды кеңейтеді. Тақырып төңірегінде белгілі ғалым Аман Абасиловтың да пікірін сұрап көрдік:

– Ана тілі деген не? Ол қандай тіл? Адамның сөйлеп жүрген тілі сол адамның этносмен сәйкес келе ме, биологиялық тұрғыдан байланыса ма әлде ол адамның әлеуметтенуі арқылы өзі таңдап алған тіл ме? Бұл – сұрағы көп күрделі мәселе. Егер менің ұлтым қазақ, әкем қазақ, шешем қазақ болса, менің де ана тілім қазақ тілі ғой. Дәл сондай ұлты орыс, әке-шешесі орыс адамның да «родной язык» дейтіні орыс тілі ме? Ал ол адамның әкесі қазақ, шешесі орыс болса, оның «ана тілі» не «родной язык» дегені қай тіл болады? Осыған ұқсас жағдай, керісінше, әкесі орыс, ал шешесі қазақ болса не болады? Осындай аралас некеден туған балалар ана тілін өздері таңдай ма әлде ата-анасы таңдай ма? Енді тағы бір жағдайда ол өзінің қай ұлтқа не этносқа жататынын білмесе оның ана тілі қай тіл болады? Осы сұрақтарға жалпылама жауап берсек, адам өз ана тілін өзі таңдайды.

Сондықтан энциклопедиялық сөздерде ана тілі дегеніміз – ересектерден үйренген тіл деп

анықтама береді. Ал ана тілі деп тандаған тілінен кейінгі өмірде қарым-қатынаста қолданатын басқа тілдері Т2, Т3, Т4 деп қолданылу жөніндегі санамаланып кете береді. Бұл жалпы адамилық тұрғыдан қарағанда дұрыс. Бірақ ұлттық тұрғыдан қарастырсақ, сәл басқашалау болады. Мысалы, біз ана тілі деп әке қанымен, ана сүтпен бойымызға дарыған, ұлттың сан ғасырлық тәжірибесін бойына жинақтаған, сақтаған қазақ тілін атаймыз. Ана тілі – атамұра. Оған дау жоқ. Бірақ сол қазақтың ішінде өз ұлтының тілін ана тілім деп санамайтын да адамдар бар. Ана тілім – қазақ тілі деп айтқанымен, сол тілде бір ауыз білмейтін, айта алмайтын қазақтар жетерлік.

Олар үшін қазақ тілі Т2, тіпті Т3 болуы да мүмкін. Олар ана тілім деп өзге тілді, біздің жағдайымызда орыс тілін атауы да, атамауы да мүмкін. Сондықтан біз үшін «ана тілі» деген – қасиетті ұғым. Ана тілі дегеніміз – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихта бірге жасап, оның тәл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына түгелдей және жан-жақты қызмет ететін үлгілік қатынас құралы (Б.Хасанұлы). Осы тұрғыдан алсақ, басқа ұлттар өз тілдерін «родной язык», «сүт тілі», «этнос тілі» десе, біз ғана өз ұлтымыздың тілін «ана тілі» деп атаймыз. Өйткені біздің ана тіліміз – қазақ тілі ғана ұлтты ұйымдастырып басын қосатын, оның дамуына, өркендеуіне қуат беретін бірден-бір құрал, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры.

Тіл үйренуге талпыныс жоғары

Тілді жетік білмей, мәдениетті меңгеру мүмкін емес. Жаһандану заманында жанарытылған бағдарлама талабына орай көп тілді меңгеру – уақыт талабы. Төл тілінен қатар өзге тілге де таяздық танытпау маңызды.

Қазір өңірімізде тілдерді оқыту орталығы жұмыс істейді.

– Қоғамдық даму басқармасы жанынан құрылған облыстық тілдерді оқыту орталығы мекемесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстары ұйымдастырылуда. Курс ерестерге, яғни мемлекеттік қызметшілерге, ерікті қала тұрғындары мен кәсіпкерлерге, жастарға жүргізіледі. 2021 жыл республикалық «Үздік оқытушы» байқауында орталық ұжымы жүлделі 2-орын иеленді. «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!» әдістемелік жинағы жарық көріп, республикаға таратылды. Былтыр үздік авторлық бағдарлама бойынша республикада бас жүлде жеңіп алдық. Биыл «Сөз және сөйлеу мәдениеті» курсының бағдарламасы үздік деп танылып, тағы да бас жүлде алды. Сондай-ақ, кинофильмдер арқылы оқыту әдістемесі, жергілікті жер-су атауларына қатысты мәтіндер жинағы әзірленуде. Биылға жоспарланған 2016 тыңдаушының 1100-і оқып, сертификат алды. Көп тіл білгеннің пайдасы орасан. Орталыққа келіп, тіл үйренуге талпынған жас көп. Бұл сұраныстың артқанын көрсетеді, – дейді облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Жангүл Ерекешова.

Көкейгеңді кеңейткің келсе, тіл үйрен, бірақ ана тіліңді бәрін биік қой.

Осыған байланысты Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аталған тауар биржасына еліміздегі бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзуға жол бермеу туралы алдын ала ескерту жолдаған екен. Бір сөзбен айтсақ, делдалдардың кесірінен халық үшін көмір бағасы орта есеппен 40-45 пайызға қымбатқа сатылады.

«Көмір өндірушілерімен байланысы бар делдалдар арқылы көмір сату тәжірибесі әлі де жалғасуда. Өндіруші компаниялар биржалық сауда-саттықты пайдаланады. Онда ірі көлемдегі көмір тауары бірнеше жыл бойы өзгермейтін әрі саны шектеулі жеткізушілерге ғана бірнеше минут ішінде сатылып кетіп жатыр. Мәселен, «Шұбаркөл көмір» АҚ саудаға 3,2 млн тонна көмір шығарған кезінде оның 26 пайызын 16 өңірлік оператор, қалған 74 пайызын 10 делдал компания санаулы минуттарда талапайлап дымны қалдырмай алып кеткен. Мұндай делдалдардың арнайы инфрақұрылымдары да, қоймалары және тиеу-түсіру техникалары да жоқ. Ал саудалау кезінде олар 100 пайызға дейін үстемеақы қосып сағады. Мысалы, 2022 жылғы желтоқсанда «Халық Көмір» ЖШС «Қаражыра» АҚ-ның «Каспий» ТБ» АҚ тауар биржасы арқылы 120 мың тонна көлемінде көмірді орташа өлшенген бағасы – тоннасына 6500 теңгеге сатып алып, 12 595 теңгеге қайта сатқан. Осындай тауар биржасы туралы заңнаманың бұзылуына байланысты БҚДА бытыр өкімшілік құқықбұзушылық туралы 19 іс қозғады, 6 тауар биржасы өз қызметін тоқтатты, оның төртеуі тексеру алдында ерікті негізде және екеуі сот шешімі бойынша жұмысын тоқтатты» делінген хабарламада.

Сұраныс пен тапшылық арасы

Көмір тапшылығы жоқ дегеннен елімізде кейінгі жылдары ішкі нарықтағы сұраныс арта түскен. Мәселен, бытыр көмір тұтыну көлемі 81,4 млн тоннаға құрапты. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 5,7 пайызға көп. Оның 11,03 миллионы – коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы көмір. Ол да болса алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,1 пайызға артық. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі тіл динамикасы бірінші кезекте қыстың қатты болғандығымен байланыстырыпты. Еліміздің солтүстігі мен орталығы газдандырылмағандықтан, көмірді көбірек тұтынған. Десе де, олар халыққа арналған көмірдің шетінен сыртқа тасу деректері болғанын да

1-бей



КӨМІР ҚЫМБАТТАМАҚ: ҚҰН НЕГЕ ҚҰБЫЛДЫ?

жоққа шығармайды. Өйткені бізде тоннасы 15-20 мың теңге тұратын көмірдің экспорттық бағасы одан 700-900 пайызға жоғары. Сол себептен Үкімет ішкі нарықта тапшылық туындамау үшін экспортқа шектеу қойған болатын. «Осы реттен алғанда 2022 жылы елімізде 113,9 млн тонна көмір өндірілген болса, бұл 2021 жылғы 111,7 млн тоннадан 2 пайызға артық, соның ішінде экспорт 32,5 млн тонна құрады. Ал ішкі нарыққа арналған 81,4 млн тоннаның 64,4 миллионы энергетикалық кешенге, 5,97 миллионы өнеркәсіптік кәсіпорындарға жөнелтілді», – деген ИИДМ Көмір өнеркәсібі басқармасының басшысы Жанат Игісінов.

Экспорт дегеннен шығады, қымбатшылықтың бір себебі – делдалдар болса, ендігі бір себебі – сыртқы нарыққа тасу. Елдегі көмірді сыпырып шетелге сатып жіберсек, өзімізде тапшылық туады. Ал тапшылық соны – қымбатшылық. Сол себепті де Үкімет өзінің көмір қарберлері, шахталары бар немесе көмірді байытумен айналысатын тек 26 қазақстандық компанияға ғана көмірді экспорттауға рұқсат берген. Олар тас көмірді, оның брикеттелген түрін, жентектелген түрін және

қара көмірді шетелге саудалау бойынша айрықша құқыққа ие болмақ. Мұндай шараға Үкімет энергетикалық қауіпсіздікті сақтау үшін және ішкі көмір нарығын тұрақтандыру үшін барып отыр. Өйткені бытыр көмірді сыртқа тасу қадағалаудан шығып кеткен. Соның салдарынан шекара маңындағы елді мекендерде көмір тапшылығы туындаған. Алыпсатарлар сол жаққа тасып жатырмыз деген желеумен көмірді шекара асырған. Мұндағы басты себеп: Ресей көміріне эмбарго салынғандықтан, көрі құрлық елдері тарапынан Қазақстан көміріне сұраныстың еселеп арта түскені. Соның ішінде біздің көмірді ең көп сатып алған Швейцария екен. 11 айдың ішінде олар 132,1 млн долларға 4,4 млн тоннаға жуық көмір сатып алды. Нәтижесінде экспорттан түсетін кіріс те көбейген. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бытырғы 11 айда біз алдыңғы жылмен салыстырғанда 87,6 пайызға артық табыс тауыпты. Мәселен, 2021 жылы бұл көрсеткіш 446 млн доллар болса, бытырғы 837 млн доллар. Бұл тұрғыдан келгенде, әрине, экспорт дегеніміз – табыс көзі. Десе де, сырттан түсетін табыс ішкі тапшылыққа алып келмеуге тиіс.

Өңірдің жайы қалай?

Әуелі Қызылорда қаласының жайын айтайық. Шаһарға алдағы жылыту маусымында 80 мың тонна көмір қажет. Қазір облыс орталығындағы қоймада 19 мың тонна қатты отын дайын тұр. Оны үздіксіз жеткізіп, бағасын тұрақты ұстауға қатысты жергілікті әкімдік пен қойма қожайындары арасында келісім жасалған. Сонымен қатар, белгіленген жылдық көлемді 10 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланыпты.

«Бұл шаралар күн суыта бере көмір қоймаларының алдында жыл сайын қайталанатын талас-тартыс пен ұзын-сонар кезекті азайту және бағаны шарықтатып жіберудің алдын алу үшін қолға алынып отыр», – деп мәлімдеді қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі.

Қазір Қызылорда қаласына Қарағандының Шұбаркөл сұрыпты қатты отын жеткізілуде. Жаздың соңғы күндерінен бастап тұрғындар тонналап сатып алып жатыр екен. Жалпы, тамыз айында қосымша 165 вагон көмір алып келу жоспарланған. Көмір тасымалдаушы мекемелер жақын маңда орналасқан аудандарға да тасымалдап жатыр.

Ең негізгісі баға екені анық. Дегенмен көмір бағасы әлі нақты белгіленіп үлгермеген. Сондықтан бұл тасымалдау шығыны мен делдалдар есебін айтпаған күннің өзінде, кеніш басынан қаншадан сатылып жатқанын білдік. «Майкөбе» кенішінен шығатын қара көмір халық арасында аса сұранысқа ие. Қызы жоғары әрі шығатын күлі аз болғандықтан оны жеке үйлер ғана емес, бюджеттік нысандар да көптеп сатып алады. Антрациттің артықшылығын білетін кеніш қожайындары күзде пайданың астында қалуды көздей ме, әйтеуір әр тамыз айында бағаны көтереді. Биыл кеніштен тоннасы 8 мың теңгеден шығып жатыр. Халыққа жетем дегенше бұл баға 15 мыңның шегінен асып жығылуы мүмкін. Қазір кей өңірде «Жетісартаудан» жеткізілген отын тоннасына 22 500 теңгеден сатылып жатыр. Сол сияқты «Майкөбе» көмірінің жеткізілгені тоннасына – 14 мың, «Бөгатыр-Көмірлі» қатты отын 10 мың теңге тұрады. Бұған көмірді жеткізу құнын қосыңыз. Қай жағынан қарасақ та, тұтынушылар үшін көмір бағасының біршама өсіп кеткенін байқауға болады. Салыстырып көрсек, бытыр дәл осы кезеңде майкөбелік көмірдің тоннасы – 12 мың, Шұбаркөлдікі 18 500 теңгеден сатылған. Бытыр Қарағанды көмірінің тоннасы 3 500 теңгеге қымбаттаса, ал биыл бақандай 4 мың теңгеге өсіп шыға келген. Ал жеткізушілер қымбатшылыққа себеп ретінде сол бағы жаңар-жағармай құны мен тасымал шығындарының өсуін алға тарта беретіні анық.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1) Жобалардың атауы:
- 2024-2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы;
- 2024-2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділері нормативтерінің жобасы;
- 2024-2025 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;
- 2024-2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;
- 2024-2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ қалдықтарын басқару бағдарламасының жобасы.
2) Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты:
Қызылорда қаласы, Ш.Есенов көшесі, 1 А («ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас кеңсесі), 2023 жылғы 13 қазан, сағат 10-30 (жергілікті уақыт).

Хабарландыру

Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС университет ректорының бас лауазымды конкурсы жариялайды.

Қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру ұйымдарында және (немесе) білім беру саласындағы уәкілетті органда немесе білім беру саласына қатысты өзге де ұйымдарда басшы лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе шетел ЖОО-да алған жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы.

Өтінімдер мен құжаттарды тапсыру мерзімі: 18 қыркүйек, 2023 ж. сағ. 17:00-ге дейін.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның Сол жақ жағалауы, 115, Қызылорда «Болашақ» университеті. Телефон: 8(7242) 23-45-15, e-mail: bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz.

Хабарландыру!

«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты жариялайды.
Өткізілетін орны: «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы: индексі 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, телефон: 8(7242) 60-53-03.

Қамқоршылық кеңестің құрамына:
1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллелінен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;
5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;
6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;
7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен білім беру ұйымдары ұсынады.

Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

Барлық ауызсу тұтынушылар назарына!

2023 жылғы 31 тамыздағы № 201-Ө тарифтерді төмендету туралы бұйрығына сәйкес «Нұра топтық су құбыры» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы тұтынушылардың назарына 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап реттеліп көрсетілген қызметтерге тарифтер бекітілгендігін хабарлайды:

| № р/с | Қызмет түрі | Өлшем бірлігі | ҚҚС-сыз тариф |
|-------|--|---------------|---------------|
| 1 | Суды магистральді құбырлар және таратушы желілер | 1м³ | 406,05 |
| 2 | Суды таратушы желілер | 1м³ | 343,69 |

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы

(БСН 191041027735 24.10.2019 ж.)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2022 жылдың 5 желтоқсанында қайтыс болған азамат Жубатыров Түлеген Касымовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2012 жылдың 18 сәуірінде қайтыс болған азамат Жумабеков Ермек Абдикамаловичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры Сағат Тамшыбайұлы мен «Электр энергетикасы» кафедрасының профессоры Смайыл Тамшыбайұлына апалары

Дүйсенкүл Тамшыбайқызының дүниеден өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы медицина саласының ардагері, анестезиолог-реаниматолог дәрігер Сатмағамбетов Әуесхан Құрмантайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Көп бейінді облыстық ауруханасының ұжымы анестезиологиялық реанимация бөлімшесінің анестезиолог-реаниматолог дәрігері Сатмағамбетов Әуесхан Құрмантайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі комсомол, партия, білім беру саласының ардагері Галина Макаровна Ершованың қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА – 85 ЖЫЛ

КҮРІШШІЛЕР МЕКТЕБІ

Б.Жақаев атындағы күршілдердің мамандығын арттыратын республикалық мектеп 1966 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті және Министрлер Кеңесінің қаулысы негізінде 1971 жылдың 30 маусымында Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің №536 бұйрығымен Шиели ауданының Қызыл Ту колхозында құрылды.


1985 жылғы 11 қарашадағы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің №936 бұйрығымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының қарамағына өткізіліп, Қызылорда қаласына көшірілді. Мектепке Қазақтың күршіл ғылыми-зерттеу институтының екі кластық бөлме бөлініп, сол жылдары мектепте 4 адам қызмет етті. Мектепте күршіл ғылыми-зерттеу институтының, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының озық мамандары, жергілікті оқу орындарының оқытушылары сабақ жүргізді. Мектептің негізгі міндеті – күршіл егудегі жаңа жетістіктерді игеру, химияландыру, суландыру, механикаландыру, күршіл өнімнің өндірудің технологиясын ұйымдастыру. Тыңдаушылары күршіл егуді ұйымдастыруда ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін оқып үйрену, жоспарлау мен жаңа тәжірибелерді жетілдіру барысында нәтижелі еңбек етті.

1981 жылдың 6 қарашасындағы республикалық күршілдер мектебі педагогикалық кеңесінің №5 қаулысымен оған екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Б.Жақаевтың есімі берілді.

Б.Жақаев атындағы күршілдердің республикалық мектебі күршіл егудің ұжымдардың агрономдарының, өндіріс бригадирлерінің, звено жетекшілерінің мамандықтарын жетілдірумен айналысты. Жылына 200-ге жуық маман оқыған. Негізінде күршіл ғылыми-зерттеу институтының ғылыми мамандары дәрсі берген.

Республикадағы жас диқандардың білімін көтеріп, күршіл егудің озық тәжірибесін зерделеген мектеп тарихы туралы архив құжаттары осылай сыр шертеді.

Облыстық архив қорынан



Күршілдердің мамандығын арттыратын республикалық мектепке екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Б.Жақаевтың есімін беру туралы қауым

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Тіл мерекесіне орай «Абай мұрасы музейде» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараға «Egemen Qazaqstan» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев, «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Нұрмаханов, №271 мектеп директоры Данабек Жақсылықұлы, өлкетанушы, ҚР Журналистер одағының мүшесі Жұмабай Байзақұлы қатысты.

МУЗЕЙДЕГІ АБАЙ МҰРАСЫ

Шараның негізгі мақсаты – музей қорында сақталған қазақтың бас ақыны Абайдың өлеңдер жинағын талқылау. Өлеңдер жинағының қазақша тәржімасын Жұмабай Байзақұлы жасауда. Бұл жәдігер 1982 жылы қорға өткізілген. Кітаптың ісі – ардагер ұстаз Мыната Қалдыбаев, 2005 жылы қайта жаңғыртылған. Содан бері музей қорындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың коллекциясы тізімінде сақталған.

Дөңгелек үстелге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушысы, тұркітанушы ғалым Серікбай Қосанов онлайн қатысты. Бұл кітап 1922 жылы «Қазан» баспасынан қазақтың жас ақыны Бернияз Күлеевтің жинақтауымен жарияланған нұсқа болуы мүмкін деген жорамал жасады.

Ж.Байзақұлының айтуынша, кітаптың кейбір беттері жоғалған. Жинақ XIII бөлімінде тұрады. Кітаптың мазмұны төмендегідей:

«Масғұд» поэмасы, «Бөтен өлде бар болса...» (1887 ж.), «Ішім өлген сыртым сау...» (1887 ж.), «Болыс болдым мінекей...» (1889 ж.), «Мәз болады болысың...» (1889 ж.), «Білімдіден шыққан сөз...» (1889 ж.), «Біреуден біреу артыла...» (1890 ж.), «Заман ақыр жастары...» (1890 ж.), «Қайғы шығар ілімін...» (1891 ж.), «Бойым бұлғаң...» (1892 ж.), «Антпенен тарқайды...» (1893 ж.).

Мұнда Абайдың 66 өлеңі жинақталған. Соның бөлімінде А.Пушкин, И.Крылов, М.Лермонтов өлеңдерінің қазақша аудармасы жарияланған. Атап айтқанда «Онегиннің сыны», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Қарға мен түлкі» шығармалары.

Шара барысында өлеңдердің араб әрпінен қазақша аудармасын кітапта сақтап қалу мақсатында көшірмесін жасауға байланысты бірқатар ұсыныс айтылды. Бұл кітап өлі де зерттеуді қажет етеді.

«СБ» ақпарат

ТАНЫМ

Жұмбақ жауаптасулар

«Тіл – адам қатынасының ең маңызды құралы» дейді социалистік идеяның ең алғашқы кеменгері Маркс ақсақал. Әрине, бұл ескертпеге дау айта алмайсың. Бірақ, ол кісі ескертпесе де, қызыл тілі қылыштан өткір қазағымыз қадым заманнан сөз мәйегін кемеліне келтіріп, тасқа басқаннан бетер түгендеп кеткен. Ал бұдан бөлек адам қатынасының тағы бір маңызды құралы, ол – жұмбақтап жауаптасу және ымымен түсінісу. Бұл жағына келгенде бабаларымыздың алдына жан салмайтынына көнеден жеткен мына дерек мысал болса керек.

Үш жүзге белгілі, Байұлының Байбақтысы Сырым батыр билікке араласарда Байұлының Танаасы, сексеннің сегіріне шыққан Малайсары биден бата алуға барыпты. Сонда би: – Арқаң қара нардай жауыр болсын, Мінезің қара жерден ауыр болсын.

Өкпеге жоқ, бауыр болсын, Құлағыңнан сыбыр кетпесін, Есігіңнің алдынан дүбір кетпесін,

Жасың жетпіске жетпесін, – деп бата беріп және осы жұмбақ батаның шешуін Сырымның өзіне жүктепті. Сырым бұл батаны былай тарқатып тұрып:

– «Арқаң қара нардай жауыр болсын» дегеніңіз, билікке араласатын ердің арқалайтын жүгі ауыр болады, «төзімді бол» дегеніңіз шығар, «мінезің қара жерден ауыр болсын» дегеніңіз салмақты, сабырлы бол дегеніңіз шығар, «өкпеге жоқ, бауыр болсын» дегеніңіз, «өкпешіл болма, бауырмал бол» деген шығарсыз, «құлағыңнан сыбыр кетпесін» дегеніңіз, жоқ-жітіктің, жетім-жесірдің мұң-мұқтажына құлағың түрік жүрсің» дегеніңіз шығар, «есігіңнің алдынан дүбір кетпесін» дегеніңіз, «дос-жараның, жора-жолдасың көп болсын» деген боларсыз, ал «жасың жетпіске жетпесін» дегеніңізді түсіне алмадың, биеке, – депті.

Сонда Малайсары би: – Мен жетпіске жеткенше жеті түрлі бәлеге кездестім: – Асусыз тауға кездестім, Арылмайтын дауға кездестім, Аямайтын жауға кездестім, Өткелсіз көлге кездестім, Ұшы-қыры жоқ шөлге кездестім,

Табылмайтын жоққа кездестім,

Дауасыз оққа кездестім. Міне, сені жасы келген жанның көпшілігі жолығатын осы жеті түрлі жайсыздыққа тап болма-сын деп берген батам еді. Әйтпесе саған Лұқманның жасын да көпінбес едім, – деп, мұның да шешуін сұрайды.

Сырым бұл жұмбақты былай шешеді: – Асусыз тауға кездессеңіз, тізеніз қалтырайды екен, арылмайтын дауға, аямайтын жауға кездессеңіз, баланыз


тындамайды екен, келіңіз сыйламайды екен, өткелсіз көлге кездессеңіз, көзіңізді мұнар шалған шығар, ұшы-қыры жоқ шөлге кездессеңіз, қатарыңыз аз қалған шығар, табылмайтын жоққа кездессеңіз, орындалмаған арман шығар, дауасыз оққа кездессеңіз, опасыз жалған шығар. Ең соңында Малайсары бас киімін шешіп, Сырымға қаратып тұрып басын шертеді, Сырым биге қарап тілін шығарып жауап береді. Бұған би риза болып батасын беріп, Сырымды шығарып салады.

Ең соңында Малайсары жолдасары: «Батыр, біз бәрін де түсіндік, тек би екеуіңіздің соңғы қылықтарыңызды түсіне алмадық», – дейді. Сонда Сырым: – Бидің басын шерткені, «басқа бәле неден?» дегені еді, ал мен, «басқа бәле тілден» деп, тілімді шығарып жауап қайтардым, – деген екен.

Бұдан бөлек, Құран Кәрімде жиырма бес пайғамбардың ішінде біздің қазақ «темірдің пірі – Дәуіт пайғамбар» деп атаған Дәуіт ғ.с. да және ол кісімен заманда болған, күрметіне отыз аяттан тұратын «Лұқман» сүресі түсірілген, ақыл-кеңесіне пайғамбарлардың өздері мұқтаж болған Лұқман хакімнің де аттары аталады.

Бір күні Дәуіт ғ.с. пайғамбар қару-жарақ, сауыт-сайман соғып жатса, жанына Лұқман хакім келіпті. Келгенін көріп тұрса да, пайғамбар оған назар аудармай, жұмысымен айналыса береді. Хакім де сұраулы жүзбен, асқан сабырмен және үнсіздікпен ұзақ күтеді. Ең соңында қаруды жасап бітірген Дәуіт ғ.с. пайғамбар хакімнің жүзіндегі сұрақты айтқызбай ұғып: «Әрине, солай, қару-жарақ тек қорғану үшін ғана жасалады» дейді. Сонда Лұқман хакім: «Құлайдың құдіреті, үнсіз жауаптасудың өзі бір хикметті ғибрат екен-ау», депті.

Әлімжан ҚИЯС, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті



Алима Әбдірамановна

ОЙТУРТҚИ

ЕСКІ ТАНЫСЫМДАЙ ЕСІМ

Күнделікті тірлік қой, кү тірлік. Асығыспыз, аспаннан періште түссе бұрылып қарамайтын заман, бұл.

– Әжік! – деген дауыстан кілт тоқтадым. «Әжік дей ме, ей?». Осы отыз-қырық жылдың көлемінде мен мұндай кісі атын естімеппін. Отыз-қырық жыл деймін-ау, баяғыда «Әжік атан...» деп басталатын өңгімеден кейін бұл есім мен үшін ұмытылған.

Ешкім қазір баласына мұндай ат қоймайды. Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан кейінгі туған ұрпақтың өкілін есімінен жазбай танысың: Абылай, Мағжан, Шәкәрім, Әли, Наурыз, Рамазан, Токтар, Әйгерім, Арай, Шұғыла, Мақпал, Рауан, Райан, т.б.

Бәрі осындай болсашы! Өкпеміздің қара қазандай болатын кездері де көп. Жақсыны көрсе ұқсап бағу әркімде-ақ бар шығар, дегенмен қазақ еліктегіш деген сөз сүйегімізге сіңіп кеткен бе деймін. Енді өз арамыздағы



Алима Әбдірамановна

мына есімдерге назар аударыңыз: Ананди, Ардали, Бенладен – мен қазақтан осы есімді де кездестірдім. Ананди – атақты «Келін» фильмінің кейіпкері, үнді актрисасы Авиго Гор. Кинода әдепті болып көрінгенмен, діні бөлек, ділі бөлек оның өмірде кім екенін құдай білсін. Қазақ қызына үлгі қылуға тұра ма, жоқ

па? Ал, Усама бен Ладеннің әйгілі терроршы екенін жұрттың бәрі біледі. Ислам атын жамалып, қарапайым халықтың қырғынына себепші болған адамның атын әулие көргенімізге не жорық? Ең сорақысы, Ардали атының қазаққа қалай келіп қалғанына таңғаласың. Мен баласына осылай ат қойған

адамнан бұл есімнің мағынасын сұрағанымда «Ардалион деген орыс әкеммен жолдас болыпты, әкем сол есімді құрмет тұтатын, оның үстіне «ардақты» деген сөзге ұқсайды» деп жауап берді. Жақсы, әкең сыйлаған екен, сен де сыйла. Бірақ бұл провласт есімінің мағынасы не? Оның мағынасы «лас» деген ұғымды білдіреді.

Антропонимика ғылымы адамның аты оның тағдырына әсер етеді деп болжайды. Адам есімін ауыстыру оның өміріне түбегейлі өзгеріс әкеледі деген сенім бар. Орыс әйелдерінің ерге шыққанда аялауын ауыстыратыны осыдан калған. Бұл қисынсыз да емес. Кейбір тілдерде «тағдыр» деген сөз «ат қою» деген мағына береді-міс.

Осы тақылеттес ұғым ең әуелі Пайғамбар хадистерінде айтылған. «Перзенттерің көркем есім қойындар», «Ақыретте сендерді өз есімдерімен және әкелеріңнің есімімен шақырады. Жаман

есімдерің болса, ауыстырыңдар» делінеді қасиетті хадистерде. Демек, жақсы есім адамның бұл дүниелік қуанышы болса, о дүниелік таразысы екен.

Енді Әжікке келейік. Сәл қисынсыздау көрінсе де, әлгі жігітке барып, есімін кім қойғанын сұрадым. Атасы қойған ат Әжімұқан екен, еркелетіп Әжік дейтін көрінеді. Қандай әдемі қазақы сөз. «Әжі» көне түркі тілінен келген, «аға» деген мағына береді. Айтпақшы, оның інісінің аты Мұқан болып шықты. Бәрекеде, атасы бұл есімді әшейін қоя салмаған, артынан інісі еркін деп ырымдаған.

Жалпы, менің айтпағым балаларшымызға көркем, қазақша есімдер қойып. Ал қазір атынан ұлтын айыра алмайтын бір күн туды. Аталарымыз «күн туды» деген жаман сөз дейтін, «күн шықты», «таң кірді» деп айтатын. Әйтеуір, арты жақсы болсын.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ



Жүзден жүйрік шыққан

Румынияның Констанца қаласында 1-4 қыркүйек аралығында Тоғызқұмалақтан Әлем кубогі өтті.

Дүбірлі долада Сыр спортшылары Бексұлтан Бостандықов I орынды қанжығасына байлады. Ал әйелдер арасында Ақерке Кенжебекова II орынға тұрақтады.

– Тоғызқұмалақ – Сыр елінде жетістігі жоғары спорт түрлерінің бірі. Тоғызқұмалақшыларымыз республикалық, халықаралық, континенттік, әлемдік жарыстарда ардайым алдыңғы қатардан көрініп келеді. Оны міне Еуропа төрінде тағы бір дәлелдедік. Кейінгі бірнеше жылда әйелдер арасында нәтижеміз көңіл көншітпей жүр еді. Енді міне сол кемшіліктің орнын толтырдық. Алда Азия чемпионаттарында да топ жарамыз деп ойлаймын, – деді жаттықтырушы Марат Рахметов. Жеміппаз және жүлдегерлер медаль, дипломдармен марапатталды.

Босниядағы байрақты бәсеке

Босния және Герцеговина елінің Сараево қаласында Кадеттер арасында таяквондодан Әлем чемпионаты өтті.

Онда Еуропа елдерімен қатар Қытай, Түркия, АҚШ, Израиль, Өзбекстан, Пәкістан, Әзербайжан, Ресей, Беларусь және Қазақстаннан 70-ке жуық спортшы бақ сынады. Байрақты бәсекеде Сыр спортшысы Нұрперзент Саматулы II орын иеленді. Алғашқы тур мен ширек финалда қарсылас шак келтірмеген ол жартылай финалдан да сүрінбей өтті. Алайда финалда түрік спортшысымен жолығып, шешуші сәтте қарсыласына есе жіберді.

Алматыдағы аламан

Алматы қаласында пара қол күресінен XXV Әлем чемпионаты аяқталды. Жарысқа 50 мемлекеттен 200-ден аса спортшы қатысты.

Тартысты турнирде жастар арасында Бауыржан Оразбаев 55 келі салмақ дәрежесінде I орынды иеленді. Ал 63 келі салмақ дәрежесінде Азамат Мұхамедяров III орынды қанағат тұтты.

Әлем чемпионымен кездеседі

Орта салмақтағы WBO чемпионы Жанбек Әлімханұлы (14-0, 10 KO) IBF чемпионы Винченцо Гуальтерермен (21-0-1, 7 KO) жұдырықтасады.

Жекпе-жек 14 қазанда Хьюстон қаласы (Техас штаты) маңындағы Розенбертте орналасқан Fort Bend Epicenter-де өтеді. Әлімханұлы WBO титулын екінші рет қорғамақ. Ал Гуальтерери шілдеде бразилиялық Эскива Фалькаоны жеңіп, қол жеткізген IBF белбеуін алғаш рет қорғайды. Екеуі де титул біріктіретін жекпе-жекке алғаш рет шықпалы отыр.

Еске салайық, бұған дейін қазақстандық боксшылар арасында Бейбіт Шүменов, Жанат Жақынов және Геннадий Головкин бөлбеу біріктіретін жекпе-жектерге қатысқан, бірақ Головкин ғана жеңіске жетті.

«СБ» ақпарат